



Алтынбеков.Б

Handwritten signature

*Дарынды оқушылармен
жүргізілетін жұмыс жоспары
(2022-2023 оқу жылы)*

Түсінік хат

Ойлау, іздену-табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай. Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Дегенмен табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Қазірге дейін ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар. Біреулері кез-келген бала дарынды, тек уақытында нақты қабілетін анықтап, дамыту керек десе, ал қарсы көзқарастағылар дарындылық өте сирек құбылыс, жалпы адамдардың өте аз тобына ғана тән дейді.

Дарынды, жас талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Сонымен, дарынды дегеніміз – адамзат баласының басқаларға қарағанда ерекше ойлау, талдау, еске сақтау қабілеті бар шығармашылық пен табысты жұмыс істейтін еңбекқор адамдарда /оқушыларда/ кездесетін қасиетті айтамыз.

Дарындылықты анықтаудың мынадай параметрлері бар.

- Оқушының танымдық /білім/ іс-әрекетінің басқа оқушылардан озық дамуы
- Психологиялық жоғары дамуы
- Дені сау, жан-жақты толық дамуы
- Ойлау қабілетінің озық болуы
- Айналадағы құбылыстарды не басқа процесстерді етеңе жақын түсінуі
- Туа бітті шығармашылық қабілеттің

Дарындылықты анықтау критерийлері

- ✓ Теориялық материалды толық игеруі
- ✓ Материалды игеруде табандылық көрсетуі/бастап кетпеуі/
- ✓ Алынған білімді әр сабақ сайын дамыту
- ✓ Өз ойларын баяндағанда ғылыми терминологияны пайдалану
- ✓ Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы
- ✓ Өзіне-өзі талап қоя білуі
- ✓ Тапсырылған жұмысты сапалы орындауы

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері

- Оқушының тарау бойынша өз бетімен тест құра білдіруі
- Тақырып бойынша модель құруға үйрету
- Алынған білімдерді әр сабақ сайын дамыту.
- Өз ойларын баяндағанда ғылыми терминологияны пайдалану

- Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы
- Өзіне – өзі талап қоя білуі
- Тапсырылған жұмысты сапалы орындалуы.
- дарынды балалармен топтық сабақтар;
- конкурстар;
- оқушылардың талғамы бойынша үйірмелер;
- оқушылардың талдауы бойынша курстар;
- олимпиадаларға қатыстыру;
- интеллектуалдық марафондар.

Мақсаттары мен міндеттері:

- Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;
- Жан-жақты ақпараттандыру;
- Коммуникативті бейімдеу;
- Білімнің бағасын арттыру,
- Пән бойынша білім-білік дағдыларын тереңдету, өз ойын еркін жеткізуге үйрету, өзіндік білім алуға жетелеу,
- Дарынды оқушыны жан-жақты дамыту, ізденістік жолға ынталандыру
- Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету;

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Шағын тақырыптық шығармалар, әңгіме-эсселер жаздыру;
- Зерттеу-ізденіс жұмыстарын тапсыру;
- Тақырыптық талдау тапсырмаларын орындату.
- Логикалық тапсырмалар орындау

Күтілетін нәтиже:

- ✓ оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық потенциалын сақтауға және өсіруге жағдай жасалады;
- ✓ оқушылардың білім алу және тәрбие деңгейі жоғарылайды;
- ✓ оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыра алатын, іс-әрекетке талдау жасай алатын, жоспарлау мүмкіндігі қалыптасқан тұлға.

Дарынды оқушыларға арналған жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыстың түрі	Мерзімі	Жұмыс қорытындысы
1	Дарынды оқушыларға арналған жылдық жұмыс жоспарын құру	қыркүйек	Жоспар
2	Қабілетті (өте ерекше) оқушылар тізімін алу.	қыркүйек	Тізімін құру
3	Білім деңгейінің игеру қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін анықтау	қыркүйек	Оқушылардың ерекшеліктері
4	Дарынды балалармен жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу	Жеке жоспар бойынша	Жоспар
5	Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жүйелеу (рефераттар, суреттер, шығармашылық жұмыстар)	Жоспарға байланысты	Оқушылардың шығармашылық жұмыстары
6	Өз бетінше ізденіп оқуды ұйымдастыру, дамыту.	Жоспарға байланысты	Сабақ жоспарлары
7	АКТ технологиялар элементтерін пайдалану	Қажеттілігіне қарай	Презентациялары
8	Деңгейлік тапсырмалар дайындау	Қажеттілігіне қарай	Деңгейлік тапсырмалар
9	Тест және басқа да тапсырмалар арқылы танымдық қабілеттерін нығайту	Қажеттілігіне қарай	Тест тапсырмалары
10	Сабақ сайын озық тапсырмалар беру	Жыл бойы	Тапсырмалар
11	Пән бойынша білім-білік дағдыларының қалыптасуын үнемі бақылып, өздеріне талдатып, өздік бағалау әрекеттерін ұйымдастыру	Сабақ сайын	Өздік бағалау
12	Мектепшілік бастауыш сыныптар олимпиадасын ұйымдастыру	Желтоқсан	Апталық жоспарына сай
13	Мектепшілік жаратылыстану математика бағытындағы пәндер олимпиадасы	Қаңтар	Апталық жоспарына сай
14	Мектепшілік ғылыми жобалар конкурсын өткізу	Наурыз	Зерде ОҒҚ жоспарына сай
15	Олимпиада резервін дайындау	Жыл бойы	Дарынды оқушылар дайындау
16	Жүзден жүйрік	Сәуір	Озық тәжірибелерімен бөлісу